# Жаңа кітап жарық көрді




**Танымал қолөнер шебері, өлкетанушы, Шөптібай БАЙДІЛДИННІҢ осындай атаумен кітабы жарыққа шықты.**

Еліміз бойынша қайталанбас өнеріміз оюды ойып, оны насихаттап жүрген азаматтарымыз саусақпен санарлық. Бұл салада жерлесіміз Шөптібай БАЙДІЛДИННІҢ жасап келе жатқан еңбегі орасан. Ағамыздың қолымен 3500 тарта ою түрлері ойылған. Қолөнер шебері осы еңбектерін ұрпақ игілігіне жарату мақсатында келесі кітабын жарыққа шығарып отыр. Кітап 250 беттен тұрады. Тиражы – 5000 дана. Бұл еңбек Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында дайындалыпты. Редакторы – Оразбек ӘМІРБЕКОВ. Бұл еңбекке :Түркітанушы ғалым, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және «Күлтегін» сыйлығының иегері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қойшығара САЛҒАРИН мен ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, АрқМПИ аға оқытушысы Сапарбек ҰЗАҚОВ пікір жазған. «Қазақта ою туралы көп кітап шығарған адам жоқ. Сапар ТӨЛЕНБАЕВ атасының ою кітабын Маргарита ӨМІРБЕКОВА шығарды. Әбдікәрім НҰРПЕЙІСОВТІҢ кітабы 250 оюмен тарады. Бұл кітап өткен жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі арқылы мемлекеттік тапсырысқа кірген болатын. Алматыдағы «Сардар» баспасына тапсырылды. Баспа дайындап «Тарпаңбаев» баспаханасынан басып шығарды. Қазіргі таңда еліміздің түкпір–түкпіріне тарап жатыр, — дейді кітап авторы Шөптібай Бәйділдәұлы.

Еске сала кетейік, автордың бұған дейін қолөнер еңбегі жайлы : «Қазақтың ою-өрнектері», «Ою ой, өрнек сал» аталған кітаптары жарық көрген болатын.